<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100,00 теңге
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	26.11.2009 г.
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	73 359 330 дана
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	9 081 342 404,54 теңге
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	4 663 898 280,26 теңге
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	4 388 189 465,00 теңге
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	жоқ

**Алтыншы шығарылым (Екінші облигациялық бағдарлама аясында)**

<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	камсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	350 000 000 дана
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100,00 теңге
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	09.12.2014 ж.
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	254 286 707 дана
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	23 259 561 526,39 теңге
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	2 237 916 677,45 теңге
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	2 153 860 793,75 теңге
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	жоқ

**Жетінші шығарылым (Екінші облигациялық бағдарлама аясында)**

<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	камсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	100 000 000 дана
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100 теңге
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	02.06.2015 ж.
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	50 000 дана
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	4 688 445,00 теңге
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	1 585 000,00 теңге
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	1 575 000,00 теңге
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	жоқ

**Бірінші шығарылым (Үшінші облигациялық бағдарлама аясында)**

<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	Реттелген камсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	500 000 000 дана
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100 теңге
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	11.08.2015 ж.
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	217 538 757 дана
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	19 999 994 701,19 теңге
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	6 243 036 738,24 теңге
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	6 236 993 995,00 теңге
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	жоқ

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі*

<b>Екінші шығарылым (Үшінші облигациялық бағдарлама аясында)</b>				
<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	Жай	акцияларға	айырбасталатын,	реттелген
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар			
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	60 000 000 дана			
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	1 000 теңге			
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	09.10.2017 ж.			
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	60 000 000 дана			
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	60 000 000 000,00 теңге			
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	3 380 000 000,00 теңге			
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	2 400 000 000,00 теңге			
	жоқ			

<b>Үшінші шығарылым (Үшінші облигациялық бағдарлама аясында)</b>				
<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	Қамсыздандырылған облигациялар	(ипотекалық)	атаулы	купондық
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	100 000 000 дана			
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100 теңге			
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	30.11.2017 ж.			
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	100 000 000 дана			
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	10 163 207 300,00 теңге			
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	1 383 333 333,33 теңге			
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	1 200 000 000,00 теңге			
<i>Сатып алынған облигациялар саны</i>	жоқ			

<b>Төртінші шығарылым (Үшінші облигациялық бағдарлама аясында)</b>				
<i>Шығарылатын облигациялардың түрі</i>	қамсыздандырылмаған атаулы купондық облигациялар			
<i>Облигациялардың жалпы саны</i>	700 000 000 дана			
<i>Бір облигацияның номиналды құны</i>	100 теңге			
<i>Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні</i>	28.11.2018 ж.			
<i>Орналасырылған облигациялардың саны</i>	420 000 000 дана			
<i>Орналасыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері</i>	42 663 651 000,00 теңге			
<i>Есептелген сыйақы сомасы</i>	1 188 075 000,00 теңге			
<i>Төленген сыйақы сомасы</i>	0,00 теңге			



«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі

Сатып алынған облигациялар саны жоқ

**Айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын облигациялар**

Шығарылатын облигациялардың түрі	дисконттық
Облигациялардың жалпы саны	150 000 000 дана
Бір облигацияның номиналды құны	100 теңге
Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні	12.06.2018 ж.
Орналастырылған облигациялардың саны	65 235 270 дана
Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері	5 879 238 448,50 теңге
Есептелген сыйақы сомасы	0,00 теңге
Төленген сыйақы сомасы	0,00 теңге
Сатып алынған облигациялар саны	жоқ

**Еурооблигациялардың үшінші шығарылымы**

Шығарылатын облигациялардың түрі	Мерзімсіз реттелген еурооблигациялар
Облигациялардың жалпы саны	100 000 дана
Бір облигацияның номиналды құны	1 000 АҚШ доллары
Шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні	02.03.2006 ж.
Орналастырылған облигациялардың саны	100 000 дана
Орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы мөлшері	100 000 000 АҚШ доллары
Есептелген сыйақы сомасы	66 046 679,67 АҚШ доллары
Төленген сыйақы сомасы	65 523 092,88 АҚШ доллары
Сатып алынған облигациялар саны	19 154 дана

• орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындауды кешіктіру мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке).

Банк шығарылым талаптарында көзделген мерзімде облигациялар бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырады. Банктің бағалы қағаздар ұстаушылар алдында сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамау фактілері орын алған жоқ.

• егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатылған (жалғастырылған)

жағдайда, ондай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі.

Банк облигацияларының барлық шығарылымы ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта сәтті орналастырылған және Банктің бағалы қағаздарының күшін жою немесе оны тоқтату жағдайы орын алған жоқ.

• сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар.

Сауда-саттық ұйымдастырылған, сонымен қатар ұйымдастырылмаған нарықта жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған нарықта сауда-саттықты ұйымдастырушы – «Қазақстан қор биржасы» АҚ (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар), сонымен қатар Лондон қор биржасы (Қазақстан Республикасынан басқа, өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған борыштық бағалы қағаздар).

• бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.

#### **Облигация ұстаушылар:**

- шығарылым талаптарына сәйкес облигацияларды өтеу кезінде өздеріне тиесілі облигациялардың номиналды құнын алуға;
- шығарылым талаптарына сәйкес облигациялар бойынша сыйақы алуға;
- шығарылым талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі облигацияларды еркін басқаруға;
- жазбаша өтініш беру арқылы Банк туралы қажетті ақпаратты алуға құқылы;
- шығарылым талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарға ие.

Банктің шығарылған бағалы қағаздары аясында шығарылым проспектілерінің талаптарына және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарына сәйкес қабылданған шектеулер (ковенанттар) бұзылған жоқ.

## **11-БӨЛІМ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР**

### **31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

### **32. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

**33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы:**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

**34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер**

Тәуекелдерді басқару жүйесін үнемі жетілдіру және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру Банктің маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Банктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық талаптарына сәйкес келеді.

Банктің тәуекелдерді басқару қызметі төмендегілерге бағытталған:

- Банк ұшырауы мүмкін тәуекелдерді анықтау, талдау және басқару;
- тәуекелдердің сәйкес түрлерін шектейтін нормативтер мен лимиттерді белгілеу;
- тәуекел деңгейіне және оның белгіленген шектеулерге сәйкес келуіне мониторинг жүргізу;
- банктік операцияларды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді білікті басқаруды қамтамасыз ететін нормативтік және әдістемелік құжаттарды, сонымен қатар бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және енгізу.

Төменде Банк орналастыратын облигацияларды сатып алуға байланысты тәуекел факторларының жан-жақты талдамасы көрсетілген, әсіресе:

**1) Салалық тәуекелдер** – Банк қызметін жүзеге асыратын салада ықтимал тұрғыда жағдайды нашарлатуы мүмкін және оның қызметіне, сонымен қатар оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдер. Банк өз қызметінде ұшырауы мүмкін ішкі нарықтағы салалық тәуекелдер елдегі жалпы экономикалық жағдайдың нашарлауынан, Қазақстан Республикасы халқының табысының, сондай-ақ төлем жасау қабілеттілігінің төмендеуінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде жеке және заңды тұлғалардың салымдарының көлемінің азаюынан туындауы мүмкін. Банк өз қызметінде ұшырауы мүмкін сыртқы нарықтағы салалық тәуекелдер келесі салаға жүйелі түрде әсер етуі мүмкін факторлардан туындауы мүмкін: АҚШ федералдық резервтік жүйесінің, Ресей федерациясының бағалы қағаздарының базалық мөлшерлемесінің артуы, ұлттық валютаның негізгі сауда серіктестерінің валюталарына қатысты бағамының әлсіреуі, көмірсутек шикізаты бағасының төмендеуі, оның салдарынан ұлттық валюта бағамы әлсірейді, пайыздық мөлшерлеменің артуы және бекітілген кірістілігімен қаржы құралдары бағаларының төмендеуі.

**2) Қаржылық тәуекелдердің түрлері:**

**Кредиттік тәуекел** – банктің белсенді операцияларындағы тәуекелдің негізгі түрі. Кредиттік тәуекел қарыз алушылардың өздеріне қабылдаған ақшалай міндеттемелерін орындау бойынша шарттардың бастапқы талаптарын сақтамауының салдарынан Банкте залалдың туындау тәуекелін білдіреді. Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте сатылымдар қызметін бөлу және тәуекелдерді басқару есепке алынып, бизнес-процесс пысықталды, тәуекел-менеджмент жүйесі енгізілген және кредиттік тәуекелдерді бағалауға, сонымен қатар басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын Кредиттік тәуекелдер басқармасының ұйымдық құрылымы қалыптастырылған.

Кредиттік процесте тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға, үйлестіруге және реттеуге, Банктің және оның еншілес ұйымдарының кредиттік қызметіне талдау жасауға

және мониторинг жүргізуге жауапты бөлімше болып Тәуекелдер департаменті танылады, ол кредиттік портфельдің сапасының нашарлауына жол бермеу бойынша парасатты іс-шаралар қабылдайды, сонымен қатар Департамент туралы қағидаға сәйкес кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша басқа да қызметтерді орындайды.

Банктің кредиттік тәуекелдерін басқаруды жүзеге асыратын қызметкерлердің міндеттері – әзірленген нұсқаулықтар мен процедураларды нақты орындау, кредиттік тәуекелдер деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау және дұрыс бағалау.

Кредиттік тәуекелдерді басқару процесі келесі негізгі кезеңдерді қамтиды: тәуекелді сәйкестендіру, тәуекел деңгейін бағалау және өлшеу, шешім қабылдау, тәуекелді азайту бойынша іс-шараларды іске асыру, тәуекел деңгейін бақылау және оған мониторинг жүргізу. Аталған кредиттік тәуекелдерді басқару кезеңдерін Банк жеке қарыз алушылар, операциялар мен кредиттік өнімдер деңгейінде, сондай-ақ жалпы кредиттік портфель деңгейінде қолданады.

**Өтімділік тәуекелі** – нақты төлем жасау мерзімі басталған кезде қаржы құралдарына байланысты депозиттерді қайтару және міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алынған кезде қиындықтардың туындау тәуекелі.

Қазынашылық департаменті аталған тәуекелді активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін талдау арқылы және ағымдағы өтімділікті қолдау және ақша ағынын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операцияларды жүргізу арқылы басқарады.

Жоспарлау және қаржы департаменті өтімділікті ұзақмерзімді перспективада қолдау мақсатында баланстың оңтайлы құрылымын есептеуді және активтер мен міндеттемелерді басқаруды жүзеге асырады.

Тәуекелдер департаменті өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептейді және өтімділіктің пруденциалды және ішкі көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді.

Өтімділікті басқару бойынша лимиттер мен гәп-позицияларға белгіленген лимиттерді Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала мақұлдағаннан кейін Банк Басқармасы және Директорлар кеңесі бекітеді.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Тәуекелдерді басқару комитеті белгіленген өкілеттіктер мен лимиттер аясында Банктің өтімділігін басқару бойынша іс-шараларды жүргізеді.

**Нарықтық тәуекел** нарықтық мөлшерлеменің, валюта бағамының немесе қаржы құралдары бағаларының өзгеруі Банктің кірісі мен капиталына теріс әсер ету тәуекелін білдіреді. Нарықтық тәуекел пайыздық тәуекелді, валюталық тәуекелді және Банк өз қызметінде ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелін білдіреді.

**Баға тәуекелі** – бұл нарықтық бағаның өзгеруі нәтижесінде, осы өзгерістердің жеке бағалы қағаз немесе оның эмитенті үшін айрықша факторлардан немесе нарықтағы айналыстағы барлық бағалы қағаздарға әсер ететін факторлардан туындағанына не туындамағанына қарамастан қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Банк нарықтағы жалпы немесе айрықша өзгерістердің әсеріне байланысты баға тәуекеліне ұшырағыш келеді.

Баға тәуекелін басқару үшін Банк нарық конъюнктурасының жағымсыз өзгерістерінің нәтижесінде туындауы мүмкін ықтимал залалдың жүйелі бағалауын қолданады және рұқсат етілген залал шамасына барабар шектеулерді, сонымен қатар пайда мен кепілдік қамсыздандыру нормаларына қатысты талаптар белгілейді. Лимиттер мен шектеулерді Банк басқармасы мен Директорлар кеңесі бекітеді.

**Пайыздық тәуекел.** Банк қарыз қаражаттарын бекітілген, сондай-ақ құбылмалы сыйақы мөлшерлемесімен тартатындықтан, пайыздық тәуекелге ұшырағыш келеді. Бұл тәуекелді Банк бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелермен тартылатын ресурстардың қолайлы қатынасын қолдау арқылы бақылайды.

Жоспарлау және қаржы департаменті Банктің ағымдағы қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді, Банктің пайыздық мөлшерлеменің өзгерістеріне сезімталдығын және олардың Банктің рентабельділігіне әсерін бағалайды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі

Тәуекелдер департаменті пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептейді және пайыздық тәуекел деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізеді.

Басқарма пайыздық тәуекелді басқару бойынша ішкі лимиттерді бекітеді.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Тәуекелдерді басқару комитеті банк үшін оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жүргізеді.

**Валюталық тәуекел** валюталарды айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелін білдіреді. Қаржылық жағдай мен Банктің ақшалай ағыны шетел валютасын айырбастау бағамының құбылуына тәуелді болады.

Қазынашылық департаменті ашық валюталық позицияны басқару арқылы валюталық тәуекелді басқарады, бұл Банкке ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының едәуір құбылуынан болатын залалды азайтуға мүмкіндік береді. Қазынашылық департаменті оның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Банктің ашық валюталық позициясына бақылау жасайды.

Тәуекелдер департаменті ашық валюталық позицияларға, валюталық және пайыздық VaR-ға, арбитражды позицияларға белгіленетін лимиттерді және stop-loss әрі stop-out ысыраптарына белгіленген лимиттерді есептейді және олардың сақталуына мониторинг жүргізеді.

Барлық лимиттер мен шектеулерді Басқарма мен Директорлар кеңесі бекітеді.

**3) Құқықтық тәуекел** – тәуекелдерді басқару жүйесі Банктің қаржылық тұрақтылығын және тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету үшін Банктің тәуекелдерін уақытылы анықтау, өлшеу, бақылау және оған мониторинг жүргізу мақсатында Банк қабылдаған ұйымдастыру жүйелерін, саясаттарын, процедураларын және әдістерін білдіреді.

Құқықтық тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері:

- 1) Банктің қызметінде туындайтын құқықтық тәуекелдердің жиынтығы;
- 2) құқықтық тәуекелдерді басқару принциптері;
- 3) құқықтық тәуекелдерді басқару кезіндегі Банктің міндеттері;
- 4) құқықтық тәуекелдерді басқару әдістері;
- 5) банктің құрылымдық бөлімшелері – басқару органдары, құрылымдық бөлімшелер.

Заңнама талаптарының орындалмауына байланысты құқықтық тәуекелдерді жіктеу – бұл заңнама талаптарын әдейі немесе байқаусызда орындамау салдарынан туындайтын тәуекелдер;

Банк жұмысының негізгі принциптерінің өзгеруіне әкеп соғатын, заңнаманың өзгеруіне байланысты тәуекелдер – бұл екінші деңгейдегі банктер қабылдаған банктік операцияларды жүзеге асырудың негізгі принциптерін ауыстыратын, заңнаманың өзгеруі салдарынан туындайтын тәуекелдер;

Банктің сот процестеріне қатысуына байланысты тәуекелдер – бұл Банктің клиенттерінің, сонымен қатар үшінші тұлғалардың талап арыздары бойынша сот дауларына қатысу қажеттілігіне байланысты, сонымен қатар Банкке залал келтіру мүмкіндігіне әкеп соғатын, Банктің сотқа талап арыз беруіне байланысты туындайтын тәуекелдер.

Банктің ішкі процедураларының тиісті дәрежеде ресімделмеуіне байланысты тәуекелдер – бұл қолданыстағы заңнаманы және банктің ішкі процедураларын ресімдеу тәртібін бұза отырып әзірленген банктің ішкі процедураларын бекіту кезінде туындайтын тәуекелдер;

Қызметкерлердің тәуекелдері – бұл қызметкерлердің алаяқтық іс-әрекеттеріне байланысты тәуекелдер;

Үшінші тұлғалар тарапынан болған күтпеген актілерге және күтпеген сипаттағы іс-әрекеттерге байланысты тәуекелдер – бұл үшінші тұлғалардың іс-әрекетіне байланысты немесе банктің мүдделері мен құқықтарына әсер етуі мүмкін оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекелдер;

Филиалдардың қызметін тиісті дәрежеде құқықтық қамсыздандырмауға байланысты тәуекелдер – бұл филиалдың және жалпы банктің құқықтары мен мүдделеріне залал келтіруі

мүмкін филиал қызметінің жеткілікті дәрежеде құқықтық реттелмеуіне байланысты туындайтын тәуекелдер.

Құқықтық тәуекелдерді басқару бойынша Банктің негізгі принциптері болып заңдылықты сақтау принципі; толық қамту принципі; үздіксіздік принципі; басқару процесімен және тәуекелдердің өзге түрлерімен өзара байланыста болу принципі; толық бақылау жасау принципі танылады.

Банктің құқықтық тәуекелдерді басқару кезіндегі міндеттері:

Банк жүзеге асыратын қызметті құқықтық қамсыздандыруды арттыру және құқықтық тәуекелдерден орын алуы мүмкін залалды азайту мақсатында Банк келесі міндеттерді жүзеге асыруы қажет:

1) құқықтық тәуекелдерді анықтау, оған мониторинг жүргізу, одан арылу және оның алдын алу жүйелерін жасау;

2) құқықтық тәуекелдермен жұмыс жүргізу процесінде Банктің құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының бірлесіп әрекет ету тәртібін пысықтау.

Банктің құқықтық тәуекелдерін басқару әдістері төрт негізгі элементтен тұрады: ішкі бақылау жүйесі, құқықтық тәуекелді бағалау, оны өлшеу, бақылау және мониторинг жүргізу.

1) Банктің Құқықтық саясатында көзделген негізгі принциптер мен қағидаларды ішкі бақылау жүйесіне кешенді түрде енгізу және оларды жүйеде пайдалану;

2) құқықтық тәуекелді бағалау өзгертілетін заңнаманы есепке ала отырып және орын алған қайшылықтарды анықтау және банктік операцияларды жүргізуді оңтайландыру мақсатында банктің ішкі процедураларын тексеруді, оған талдау жасауды қамтиды;

3) құқықтық тәуекелді өлшеу қарастырылған құжаттамадан анықталған заңнамаға және банктің ішкі процедураларына қатысты қайшылықтарды аталған қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін келеңсіз салдар көлемімен салыстыруды көздейді.

4) құқықтық тәуекелдерді бақылау құқықтық тәуекелдердің туындауына мүмкіндік беретін факторларды анықтау, жою, бейтараптандыру және алдын алу шараларын қабылдауды қамтиды және құқықтық тәуекелдерге мониторинг жүргізу Банк үшін заңдық тұрғыда жағымсыз салдардың орын алуына (құқықтық тәуекелдердің туындауына) мүмкіндік туғызатын банк қызметіндегі факторларды анықтауды білдіреді.

**4) Іскерлік беделден айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі)** – Банктің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметінің сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан Банк клиенттері (контрагенттері) санының азаюы нәтижесінде Банктің залал шегу тәуекелінің туындауы сипатталады.

Бедел тәуекелінің түрлері (ішкі және сыртқы).

Беделден айырылу тәуекелі – қоғамда Банктің қаржылық тұрақтылығы, ұсынатын қызметінің сапасы немесе жалпы Банк қызметінің сипаты туралы теріс ұғымның қалыптасуы салдарынан клиенттік базаның азаюы, жеке және заңды тұлғалардың салымдарының азаюы, Банктің негізгі көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде ысыраптың туындау, жоспарланған кірісті алмау ықтималдығы.

Сыртқы бедел тәуекеліне смс-хабарлама жолдау, әлеуметтік желілерде, форумдарда, блогтарда және т.с.с. ақпаратты жариялау арқылы қаржы институтының тұрақсыз жағдайы, дефолттың орын алу мүмкіндігі туралы және тағы сол сияқты ақпараттың таралуын жатқызуға болады.

Ішкі бедел тәуекелдеріне Банктің беделіне ықтимал тұрғыда зиян келтіруі мүмкін конфиденциалды ақпараттың таралуы жатады.

Бедел тәуекелін басқару әдістері.

Бедел тәуекелін басқарудың негізгі мақсаты – мүмкін болатын қаржылық залалдың алдын алу, клиенттер мен серіктестердің, сонымен қатар акционерлердің, қаржы нарығына

қатысушылардың, мемлекеттік билік органдарының алдында Банктің іскерлік беделін сақтау және қолдау.

Бедел тәуекелін басқарудың негізгі әдістері Банк қызметінің тиімділігіне әсерін тигізуі мүмкін тұтастай алғанда қаржы саласындағы өзгерістерге (мысалы, жаңа технологиялардың немесе қаржылық инновациялардың кешіктіріп ендірілуі немесе оларды дамыту мүмкіндігінің жоқтығы) мониторинг жүргізуді және талдауды, қызметтің сапасыз көрсетілуіне байланысты Банктің қызмет көрсетуші қызметкерлеріне қатысты жағымсыз пікірлерді, сонымен қатар қаржы институтының басшылығы мен акционерлеріне қатысты эмоциялық пікірлерді қадағалауды және болдырмауды қамтиды. Әрбір қызметкердің өз жұмыс орнында Банктің имиджі мен беделіне жауап беретіні және еңбек тәртібі мен іскерлік этиканы бұзу бойынша әрбір бұзушылық жағдайдың қаржы институтының қызметі мен беделіне жағымсыз әсер ететіні туралы Банктің барлық қызметкерлеріне хабарлау.

Бедел тәуекелін бағалау.

Келесі факторлар бедел тәуекелдерінің көрсеткіштері болуы мүмкін:

1) Банктің қаржылық жағдайының өзгеруі, атап айтқанда Банк активтерінің құрылымының өзгеруі, олардың тұтастай немесе жекелеген топтары бойынша бөліктерінің құнсыздануы, Банктің меншікті қаражатының (капиталының) құрылымының өзгеруі, клиенттік базасының қысқаруы, активтерінің/пассивтерінің өзгеруі.

2) Банкке қатысты, соның ішінде клиенттер мен контрагенттерге қызмет көрсету сапасына, жұмыс істемейтін банкоматтарға/терминалдарға және т.б. қатысты шағымдар мен кінәрат-талаптар санының артуы.

3) Бұқаралық ақпарат құралдарында Банк туралы, Банктің акционерлері, үлестес тұлғалары, еншілес ұйымдары туралы жағымсыз пікірлер мен хабарлардың шығуы, басқа екінші деңгейдегі банктермен тиімсіз салыстырудың болуы.

Банктің беделі үшін маңызы зор жағымсыз ақпаратқа ден қою бойынша іс-шаралар ішкі нормативтік құжаттармен реттелген және оған 3 кезең кіреді:

1) Хабарлау – жағымсыз ақпаратты алдын ала сәйкестендіру және Банктің басшылығына, сонымен қатар жауапкершілік аймағына алынған ақпарат кіретін құрылымдық бөлімшелердің басшыларына хабарлау.

2) Оқшаулау – жағымсыз ақпараттан және оларды туғызатын факторлардан болатын залалдың мөлшерлерін барынша төмендету үшін шаралар қабылдау: ден қою командасының жұмыскерлерін белгілеу және жинау, Банктің қызметіне келтірілген нақты залал мен жағымсыз салдарды анықтау. Ден қоюдың негізгі тәсілі – БАҚ-та таратылатын ақпаратқа қатысты түсініктемелер жариялау, Банк басшысының ағымдағы жағдай туралы түсініктемелері көрсетілген баспасөз релиздерін тарату немесе жағымсыз ақпаратты ресми түрде теріске шығару туралы мақаланы жариялау.

3) Салдарды қайта қалпына келтіру – беделді қайта қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны орындау, Банктің ақпараттық өрісін қаржы институтының қызметі туралы жағымды жаңалықтармен толтыру түрінде БАҚ-пен жұмыс жүргізу. Сонымен қатар Банктің клиенттерімен/серіктестерімен түсіндіру жұмыстары, қызметкерлерге нұсқаулықтар жүргізіледі, Банк басшылығы алдында қайта қалпына келтіру барысы туралы есеп беріледі.

**5) Стратегиялық тәуекел** – дұрыс тандалмаған шешімдер тәуекелін білдіреді немесе орта және ұзақмерзімді мақсаттар мен шешімдерді іске асыру мүмкіндігіне әсер етеді. Форс-мажорлық жағдайлар немесе әлеуметтік және макроэкономикалық сілкіністер, жаһандық табиғи апаттар сияқты басқа жағдайлар стратегиялық тәуекелдердің ажырамас бөлігі болып табылады және өз кезегінде Банктің жоспарлаған мақсаттарға қол жеткізуіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Осындай оқиғаларға болжам жасау тұрлаусыздықтың жоғары деңгейіне байланысты, сондықтан Банктің менеджменті осындай оқиғаларға арнап мұқият есептелген стратегиялық және жағдаяттық-альтернативтік жоспарларды қажет етеді. Банк стратегиялық

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі

тәуекелдерді басқаруды ұзақмерзімді жоспарлау және бизнес-жоспарларды орындау, корпоративтік басқару жүйесін және инвестициялық қызметті регламенттеу, Банк қызметінің айқындығын және ішкі бақылау мен комплаенс-бақылаудың жөнге салынған жүйесін қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырады.

2018 – 2022жж. кезеңіне арналған Банкті дамыту стратегиясын іске асырудың негізгі тәуекелдері:

Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы. Ден қою стратегиясы – пассивтік қабылдау. Банк жағымсыз салдарды тәуекелдер мен инвестициялар саласындағы әлдеқайда сақтанымпаз саясат арқылы жұмсартатын болады. Стратегиялық мақсаттарды іске асыру үшін Банк мемлекетпен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша ынтымақтасатын болады.

Заңнамалық тәуекелдер – операциялық қызметке жағымсыз әсер ететін заңнамадағы өзгерістер, ағымдағы заңнаманың жетілдірілмеуі. Ден қою стратегиясы – пассивтік қабылдау. Стратегиялық мақсаттарды іске асыру үшін Банк бастамаларды енгізудің заңдық аспектілерін мұқият пысықтауы қажет.

Басқарушылық тәуекелдер – жобаны басқаруда жіберілуі мүмкін қателіктер. Яғни жобаны іске асырудағы іркілістер, қажет емес бағдарламалық қамсыздандыруды/жабдықты сатып алу қателіктер жіберудің салдарынан болады. Ден қою стратегиясы – болдырмау. Тәуекелдерге қарсы іс-шаралар жоба командасының құрылуына мұқият бақылау жасауды немесе басқарушылық тәуекелдері жоғары жобаларды қаржыландырудан бас тартуды қамтуы тиіс. Тәуекелді болдырмау үшін жауапты тұлғаларды, мерзімдер мен нәтижелерді белгілей отырып, Банк бөлімшелерінің деңгейіндегі стратегияны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарларын (мысалы, жобаны енгізу туралы акт) әзірлеуі қажет. Бір немесе бірнеше қызметкердің жобадан кетуі әзірлеме мерзімдерінің кешіктірілуіне немесе әзірлеменің сапасының төмендеуіне әкеп соқтырады. Ден қою стратегиясы – тірек қызметкерді сәйкес ынталандырумен қамтамасыз ете отырып тәуекелді төмендету.

Маркетингтік тәуекел – қызметтер бойынша сатылымдардың жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізе алмау. Ден қою стратегиясы – болдырмау. Стратегиялық мақсаттарды іске асыру үшін Банк маркетинг процесін жүйелендіруі, маркетинг жоспарын және сатылымдар стратегиясын әзірлеуі қажет.

Форс-мажор жағдайлары тәуекелі. Ден қою стратегиясы – пассивтік қабылдау. Тәуекелдерді басқару стратегиясы – сақтандыру.

Экономикалық қауіпсіздік тәуекелдері. Тәуекел факторлары – алаяқтық, жобаларды дайындау және әске асыру кезінде ақша қаражатын ұрлау мақсатында қаражатты артық жұмсау. Тәуекелді басқару стратегиясы – ішкі бақылау, қаражатты пайдалану тиімділігін бағалау аясында жүйелі түрде тексерулер жүргізе отырып тәуекелді төмендету.

Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері. Тәуекелді басқару стратегиясы – АҚ бойынша тиімді және заманауи кешенді саясатты ендіру, оқыту іс-шараларын өткізу жолымен тәуекелді төмендету.

Жаңа технологияларды қолдану тәуекелі. Жаңа технологияларды дамытуда және қолдануда тәуекелдер болуы мүмкін. Тәуекелді басқару стратегиясы – активтерді бизнес-міндеттермен жүйелі түрде үйлестіре отырып, тәуекелді төмендету. Бұдан басқа, серіктестермен, яғни стартаптармен, технологиялық компаниялармен, бизнес-инкубаторлармен бірлесе отырып жұмыс жүргізуге болады.

Жеткізушілер мен мердігерлердің міндеттемелерді орындамау тәуекелі – жұмыс құнын көтеру, сонымен қатар жұмыстарды орындау, жабдықты жеткізу, бағдарламалық қамсыздандыруды орнату мерзімдерін бұзу, бастама бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті сапалы параметрлерге қол жеткізе алмау. Ден қою стратегиясы – болдырмау. Банктің тәуекелге қарсы іс-шаралары жеткізушілер мен мердігерлерді мұқият іріктеу шараларын қамтуы тиіс. Шарттарда айыппұл санкциялары, авансты қайтару кепілдігін және



келісімшарттарды тиісті дәрежеде орындау кепілдігі немесе жеткізушілер міндеттемелерді орындағаннан кейін келісімшарттар бойынша негізгі сомаларды төлеу кепілдігі қарастырылуы қажет. Сақтандырудың әртүрлі нысандарын пайдалану, делдалдармен жұмыс істемеу. Ерекше тәуекел етілген жұмыстарды орындаудан бас тарта отырып, жобаның өнімдер мен қызметтер жиынтығын ықшамдау.

Конструкциялық тәуекел – іске асыру кезеңінде жобаның техникалық жүзеге асырылмауы бастамаларды әзірлеген, жоспарлаған кезде жіберілген қателердің, бастамаларды, базалық технологияларды іске асыру үшін объектілердің құрамдарын дұрыс таңдамаудың салдары болып табылады. Ден қою стратегиясы – болдырмау. Банк тәуекелді іске асыру салдарына ден қою жоспарын әзірлеуі және салдарды жоюға қаражат бөлуі қажет.

Банк жоғарыда сипатталған тәуекелдерді басқару бойынша әбден ойластырылған саясатты жүргізеді, осыған байланысты өзінің стратегиялық тәуекелдерін орташа тәуекел ретінде бағалайды. Осы тармақтың қарастырылатын тәуекел факторлары туралы кез келген қағидасына қарамастан, жоғарыда сипатталған тәуекел факторлары Банкті айналыстағы бағалы қағаздар бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болады деп жобалауға негіз болатын фактор ретінде қарастырылмауы тиіс.

**б) Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер.** Банк қаржы ұйымы болып табылады. Оның негізгі қызметінің түрі – заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттар ашу және жүргізу, банктердің корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу, қарыз операцияларын жүргізу сияқты және т.б. банктік қызмет көрсету. Заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар Банктің қызметін негізгі тұтынушылар болып табылады.

Банк өз клиенттеріне барлық қажетті халықаралық есеп айырысу түрлерімен (мысалы, құжаттық аккредитивтер, ақша аудару операциялары, кепілдіктер беру бойынша операциялар және т.б.) сүйемелденетін экспорттық-импорттық операцияларды қамтамасыз ететін қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

Банктің екі еншілес ұйымы бар. Олар инвестициялық портфельді басқару қызметін, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырады, сонымен қатар стресс активтерді басқару саласында қызмет көрсетеді. Еншілес ұйымдардың үлесі банктік топ активтерінің жалпы көлемінде елеулі емес. Бұған қоса, біріктірілген тәуекел менеджментінің аясында Банк осы ұйымдардың қаржылық жағдайына, соның ішінде олардың өтімділік позициясының деңгейіне, бағалы қағаздар портфелінің сапасына және олардың реттеушінің талаптарын орындауына жүйелі негізде талдау жүргізіп отырады.

Банк жүргізген оның корпоративтік клиенттерге тәуелділігін төмендету бойынша жұмысы оның Банктің операцияларындағы үлесін төмендетуге мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы негізгі күш Банктің филиалдық желісінің кәсіпорындармен – шағын және орта бизнес өкілдерімен, сонымен қатар жеке тұлғалармен белсенді жұмыс жүргізуіне шоғырландырылды.

Банктік қызметтерді ықтимал іске асыруға байланысты тәуекелдер арасында келесілерді атап өтуге болады:

- бәсекелестіктің жоғары деңгейі және банктік қызметтер нарығындағы ұқсас ұсыныстар;
- елдің клиенттік базасының шектеулі саны.

Банк қызметі маусымдық болып табылмаса да, клиенттер тарапынан банктік қызметке деген сұраныс мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатына (оның ішінде халықтың әл-ауқатын жақсарту, өңірде жұмыс істейтін кәсіпорындарды ұлғайту және т.б.) байланысты болып келеді.

Банктің негізгі қаржылық-шаруашылық қызметіне немесе айрықша қызметіне байланысты ағымдағы сот процестері жоқ.

**7) Елдік тәуекел** – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резидент елінің

заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) шығынның туындау ықтималдығы. Тәуекелдің осы түрін барынша азайту мақсатында Банкте контрагент банктерге және оларға белгіленген лимиттерге жүйелі түрде мониторинг жүргізіледі.

**8) Операциялық тәуекел** дегеніміз – жүйелер жұмысында іркілістердің болуының, қызметкерлердің қателіктер жіберуінің, алаяқтық фактілерінің салдарынан, сонымен қатар сыртқы оқиғалар әсерінің нәтижесінде ысыраптың туындау тәуекелі. Мұндай тәуекелдердің болуы Банктің беделіне нұқсан келтіруі, заңнамалық және реттеушілік сипаттағы салдардың туындауына әкеп соқтыруы немесе Банкті қаржылық шығынға ұшыратуы мүмкін. Банк барлық операциялық тәуекелдердің алдын ала алмайды, бірақ бақылау жүйесін қолдану жолымен, сонымен қатар ықтимал тәуекелдерге мониторинг жүргізу және оларға ден қою арқылы осындай тәуекелдерді басқаруға ұмтылады. Бақылау бойынша іс-шараларға міндеттерді тиімді бөлу, рұқсат беру тәртібі, авторизациялау және салыстырып тексеру, қызметкерлерді оқыту және бағалау процедураларын жүргізу кіреді.

Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру процесінде Банк келесі принциптерді басшылыққа алады:

1) Қатыстыру принципі. Бұл принцип Банктің барлық қызметкерлері мен басшылығын (Банк Басқармасы жанындағы тәуекелдерді басқару комитеті, Банк Басқармасы, Директорлар кеңесі жанындағы Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Директорлар кеңесі) операциялық тәуекелді басқару процесіне қатыстыруды талап етеді.

2) Үздіксіздік принципі. Банктегі операциялық тәуекелдерді басқару тұрақты негізде жүзеге асырылуы тиіс. Банк бөлімшелері жүргізетін негізгі тәуекелдерді анықтау, оларға мониторинг жүргізу және оларды жүйелі түрде бағалау шаралары банктің күнделікті қызметінің бір бөлігі болып табылады.

3) Уақытылы жүргізу принципі. Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер және оларды іске асыру жағдайлары сәйкес деңгейдегі басшыларға, Банк Басқармасына және Директорлар кеңесіне уақытылы хабарланып, жедел түрде жойылып отырады.

4) Өкілеттіктерді бөлу принципі. Банктің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі операциялық тәуекелді басқару бойынша өкілеттіктер мен жауапкершілікті әртүрлі деңгейдегі бөлімшелер басшыларының арасында бөлуді, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді, бірлесіп әрекет ету тәртібін орнатуды және есептілік беруді талап етеді.

5) Экономикалық мақсатқа сәйкес болу принципі. Операциялық тәуекелді бақылау шараларының құны осы тәуекелден Банктің ықтимал ысыраптарының көлемінен аз болуы тиіс. Бұл кезде қосымша операциялық тәуекелді қабылдау қандай да бір қосымша кірістің пайда болуына тікелей әсер етпейді. Операциялық тәуекелдерді бақылау бойынша басым шараларды анықтау ықтимал ысыраптар мөлшері бар бақылау процедураларын енгізуге жұмсалатын шығындардың арақатынасын бағалаған кезде экономикалық тұрғыда тиімді іске асырылған болуы тиіс.

Операциялық тәуекелдерді басқару процесі қызметкерлердің қателер жіберу санын азайтуға, АТ-жүйелердегі іркілістердің әсерін жоюға, қызметкерлерге жүктеменің тиімді бөлінуіне және ықтимал материалдық ысырапты төмендетуге көмектеседі.

### **35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:**

«Банк ЦентрКредит» АҚ әртүрлі топтарға, қауымдастықтарға қатысады:

1) «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының мүшесі (бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыру бойынша қызмет).

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі

2) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың клиенті (бағалы қағаздар нарығында депозитарийлік қызметті және тіркеуші қызметін жүзеге асыру, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызмет).

3) «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-ның және Қазақстан Республикасы Банктері қауымдастығының мүшесі.

Қауымдастықтардың негізгі функциялары:

- қаржы нарығын реттеу мәселелері және салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеуге қатысу;

- Қазақстандағы қаржылық, бюджеттік, салықтық және валюталық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

- зейнетақылық және әлеуметтік қызмет көрсету инфрақұрылымын әрі қарай жетілдіруге қатысу;

- қор нарығының инфрақұрылымын жетілдіруге қатысу;

- отандық кәсіпкерлердің мүдделерін қолдау және қорғау бойынша шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу;

- басым және проблемалы бағыттар бойынша Қауымдастықтар мүшелерінің өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарын құру;

- Қауымдастықтардың мүшелері үшін өзекті болып табылатын мәселелер бойынша бірлескен талқылаулар, «дөңгелек үстелдер», семинарлар және өзге іс-шаралар ұйымдастыру;

- Қауымдастықтардың мүшелеріне ақпараттық көмек көрсету.

4) «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-та депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы (Банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда, депозиторларға өтем жасау).

5) SWIFT жүйесінің қатысушысы (Әлемдік банкаралық қаржылық телекоммуникациялық байланыс бойынша қызмет көрсету).

6) Бірінші кредиттік бюроның қатысушысы (олар туралы ақпаратты кредиттік есеп түрінде беру мақсатында заңды және жеке тұлғалар бойынша кредиттік тарихты қалыптастыру).

7) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноталарын сатып алу бойынша бастапқы дилер.

8) Жеке тұлғаларға ақша аудару бойынша Western Union халықаралық корпорациясымен ынтымақтастық орнату туралы келісімге қол қойған бірінші қазақстандық банк (1996 ж.).

9) Төлем карталарын эмиссиялау және төлем карталарының эквайрингі құқығымен Visa International (2005ж. бастап), MasterCard (2007ж. бастап) және UnionPay International (2015ж. бастап) халықаралық төлем жүйелерінің принципіалды қатысушысы.

Аталған жүйеге мүше болу төмендегілерді көздейді:

- төлем карталарын шығару;

- карталардың эквайрингі;

- халықаралық төлем жүйелерімен өзара есеп айырысуды жүргізу.

**36. Егер эмитенттің еншілес ұйымдары және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болса, осындай әрбір заңды тұлға бойынша келесі ақпарат көрсетіледі:**

Заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы	БСН	Заңды және нақты мекенжайы	Заңды тұлғаны Банктің еншілес және/немесе тәуелді тұлғасы ретінде танудың негіздері	Банктің заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі, %/ Заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың Банкке тиесілі үлесі, %
--	-----	----------------------------	---	---

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы	130840014450	Қазақстан Республикасы,	08.08.2013 жылғы	
---	--------------	-------------------------	------------------	--

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі*

– «Стрестік активтерді басқару жөніндегі ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқаша атауы: «ВСС-ОУСА» ЖШС)		Алматы қ., Панфилов көш., 98, 201А офисі, Нақты мекенжайы – Шевченко көш., 100	№6 Банктің еншілес ұйым құруға рұқсаты	100,00
«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың еншілес ұйымы – «ВСС Invest» акционерлік қоғамы (қысқаша атауы: «ВСС Invest» АҚ)	030640007360	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Панфилов көш., 98, блок А, 5-қабат, «Old Square» БО	Акционерлік қоғамдар туралы заң. ұйымның жарғысы	100,00

**37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:**

Заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы	БСН	Заңды және нақты мекенжайы	Банктің заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесі, %
«Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (қысқаша атауы «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ)	990740004993	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Байзақов көш., 280, «Almaty Towers» БО	16,60
«Бірінші кредиттік бюро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқаша атауы «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС)	040940002421	Қазақстан Республикасы, А05К8В4, Алматы қ., Жібек жолы көш., 135, блок 2, 9-қабат, 2091-офис	18,40

**38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:**

**1) эмитентке және (немесе) эмитенттің бағалы қағаздарына кредиттік рейтинг (рейтингтер) берілген жағдайда эмитентке берілген әрбір кредиттік рейтинг бойынша соңғы аяқталған үш есепті жыл үшін келесі ақпарат көрсетіледі:**

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы орналасқан жері			
Moody's Investors Service, One Canada Square, Canary Wharf, London E14 5FA Ресей филиалы арқылы: РФ, 125047, Мәскеу, 1-ші Тверская-Ямская көшесі, 21			
Moody's Investors Service	12.07.2018 жыл	27.07.2017 жыл	09.03.2016 жыл
Банктік депозиттер (шетел валютасымен және ұлттық валютамен) бойынша ұзақмерзімді рейтинг	B2	B2	B2
Банктік депозиттер (шетел валютасымен және ұлттық валютамен) бойынша қыскамерзімді рейтинг	NP	NP	NP
Ұлттық валюта бойынша ұзақмерзімді рейтинг	Ba2.kz	Ba2.kz	B1.kz

Болжам	Тұрақты	Жағымсыз	Жағымсыз
--------	---------	----------	----------

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы орналасқан жері <b>S&amp;P Global Ratings Europe Ltd, 70 Sir John Rogerson's Quay, Dublin 2, Ireland</b> Ресей филиалы арқылы: РФ, 125009, Мәскеу қ., Воздвиженка көшесі, 4/7-үй, 2-құрылыс				
<b>Standart&amp;Poor's</b>	<b>25.02.2019 жыл</b>	<b>20.07.2018 жыл</b>	<b>09.02.2017 жыл</b>	<b>15.09.2016 жыл</b>
Эмитенттің ұзақмерзімді кредиттік рейтингі	B	B	B	B
Эмитенттің қысқамерзімді кредиттік рейтингі	B	B	B	B
Ұлттық шкала бойынша ұзақмерзімді рейтинг	kzBBB-	kzBBB-	kzBB+	kzBB+
Болжам	Тұрақты	Тұрақты	Тұрақты	Тұрақты

**2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (код ISIN) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі:**

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы орналасқан жері <b>Moody's Investors Service, One Canada Square, Canary Wharf, London E14 5FA</b> Ресей филиалы арқылы: РФ, 125047, Мәскеу қ., 1-ші Тверская-Ямская көшесі, 21			
<b>Moody's Investors Service</b>	<b>12.07.2018 жыл</b>	<b>27.07.2017 жыл</b>	<b>09.03.2016 жыл</b>
XS0245586903	Сaa3	Сaa3	Сaa2

**3) өзге мәліметтер:** «Банк ЦентрКредит» АҚ 13.03.2019 ж. бастап Fitch Ratings CIS Ltd компаниясымен жасалған 30.03.2009 жылғы Келісімді бұзды.

**39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

**40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

**41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде бұл бөлім толтырылмайды.

**42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:**

<b>Ұйымның толық атауы</b>	«КПМГ Аудит» ЖШС Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылғы 06 желтоқсанда берген № 0000021, түрі МФЮ-2 Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге құқық беретін лицензия
<b>Ұйымның заңды мекенжайы</b>	050051 Алматы қ., Достық даңғ., 180, «Көктем» бизнес орталығы
<b>Ұйымның нақты мекенжайы</b>	050051 Алматы қ., Достық даңғ., 180, «Көктем» бизнес орталығы
<b>Байланыс телефондарының және факс нөмірлері</b>	7(727)298-08-98
<b>Электрондық поштасының мекенжайы</b>	company@kpmg.kz
<b>Бірінші басшылары туралы мәліметтер</b>	Бас директоры – Дементьев С.А. ҚР сертификатталған аудиторы – Урдабаева А.А.
<b>Сәйкес аккредиттелген кәсіби аудиторлық компанияларға тиістілігі</b>	«Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымның мүшесі
<b>Қаржылық есептілікке аудит жүргізу туралы шарты</b>	2018 жылғы 21 қыркүйектегі № С-КЗА-18-00071 Аудиторлық қызмет көрсету туралы шарт

Алдағы жыл ішінде Банктің қаржылық есептілігіне «КПМГ Аудит» ЖШС аудит жүргізеді.

**43. Эмитенттің 19, 20, 21 және 22-тармақтарда көрсетілмеген үлестес тұлғалары:**

<b>«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үлестес тұлғаларының тізімі</b>					
Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі деректерге сәйкес жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру күні мен нөмірі: 24.11.2009 жылғы № А3628				Үлестес тұлғалардың тізімі ұсынылатын күн: 01.06.2019 ж.	
<b>Жеке тұлғалар</b>					
<b>№ р/т</b>	<b>Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)</b>	<b>Резиденттігі</b>	<b>Үлестес тұлға ретінде тану негізі</b>	<b>Эмитентпен үлестес болған күн</b>	<b>Ескерту</b>
1	Байсеитова Макиш Смагуловна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің анасы
2	Байсеитова Лена Адилхановна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің зайыбы. К.Б. Байсеитованың анасы. Б.А. Адилхановтың әпкесі. «Альфа Трейд» компаниясы» ЖШС Бас директоры. «Ашадан» қайырымдылық қоры» ҚК-да үлесі бар (90%).
3	Байсеитова Куляш Бахытбековна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің қызы. «ТИАИК «Orient Investments» АҚ Президенті. «Консьерж Ко» ЖШС-да үлесі бар (55%). А.М.Баймуханбетовтің зайыбы
4	Байсеитова Галия Бахытбековна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің қызы. К.Б. Байсеитованың әпкесі
5	Байсеитова Роза	резидент	«Акционерлік қоғамдар	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің әпкесі

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісі*

	Рымбековна		туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы		
6	Байсеитова Айман Рымбековна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің әпкесі
7	Баймуханбетова Дария Азаматовна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	15.04.2011	Б.Р. Байсеитовтің немересі немересі. К.Б. Байсеитованың қызы. А.М. Баймуханбетовтің қызы.
8	Баймуханбетова Мириам Азаматовна	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	23.02.2014	Б.Р. Байсеитовтің немересі. К.Б. Байсеитованың қызы. А.М. Баймуханбетовтің қызы
9	ЖИЛГЕЛДИЕВА КАЛИМАН	резидент	«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының 64-бабының 1-тармағының 2-тармақшасы	18.06.2003	Б.Р. Байсеитовтің зайыбының анасы. Б.А. Адилхановтың анасы
